



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР


Наурыз 2023

Ақпан айында межелік шыңына жеткеннен кейін жылдық инфляция наурызда 18,1%-ға дейін баяулады. Бағаның айлық өсімі 0,9% болды. 2023 жылдың наурызында 20,5% (ж/ж) өскен азық-түлік бағасы айтарлықтай баяулағанына қарамастан жалпы инфляцияға көптеп үлес қосуын жалғастырып келеді. Азық-түлік емес тауарлар бағасының жылдық өсімі 18,1%-ға, халық тұтынатын ақылы қызметтер 14,4%-ға дейін баяулады.

Жылдық инфляция қарқынының бәсеңдеуі өткен жылғы жоғары базаны есептеулерден алып тастаумен, сондай-ақ азық-түліктің, тұрмыстық құралдар мен ақылы қызметтердің жекелеген түрлеріне баға өсімінің баяулауымен байланысты болды. Сонымен қатар, 2023 жылғы наурыздағы тұтыну бағасының айлық өсімі 2017 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңдегі наурыздың орташа мәнінен әлі де асып түседі (0,6%).

2023 жылғы наурызда ай сайынғы маусымдық тазартылған инфляция 2023 жылғы ақпандағы қысқа мерзімді үдеуден кейін 0,7% құрады (1-график). Ақпан айының жоғары мәніне және инфляцияның маусымдық тазартылған көрсеткішінің жыл бойына нысаналы бағдардан жоғары қалыптасуына қарамастан, оның 2022 жылғы қазаннан бастап баяулау үрдісін атап өтуге болады.

1-график. Инфляция көрсеткіштері, а/а




Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

Осы жылдың ақпан айында әр түрлі әдістер бойынша есептелген маусымдық түзетілген базалық инфляция¹ біршама жеделдеді. Алайда, биыл наурыз айында базалық инфляция өткен жылдың қазан айынан бастап байқалған баяулау үрдісіне қайта оралды (2-график).

¹ Базалық инфляция бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шаманы білдіреді. Қысқартылған орташа мән осы айдағы бағалардың ең аз 10% және ең үлкен маусымдық-тазартылған өзгерістерінің 10% есебінен алып тастау арқылы есептеледі; ең құбылмалы 8 құрамдауышсыз базалық инфляция инфляция есебінен соңғы 2 жылдағы бағалардың маусымдық-тазартылған өзгерістерінің стандартты ауытқуы ең жоғары болып табылатын 8 құрамдауышты алып тастайды; медиана 50% бөлу процентиі болып табылады осы айда маусымдық тазартылған бағаның өзгеруі.

2-график. Базалық инфляция: есептеудің әртүрлі әдістері, а/а



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері


2023 жылғы наурызда **азық-түлік тауарлары** бағасының өсімі 1,1%-ды құрап, жылдық мәнде 20,5%-ға дейін баяулады (2023 жылғы ақпанда – 1,5% а/а, 26,2% ж/ж) (3-график). Азық-түлік тауарларының құрылымында жеміс-жидек пен көкөніс өнімдеріне (2023 жылғы ақпандағы 24,1%-дан 10,6%-ға дейін), қантқа (55%-дан 14%-ға дейін), етке (16,8%-дан 14,7%-ға дейін), нан-тоқаш өнімдері мен жармаларға (34%-дан 30,4%-ға дейін) баға өсімінің айтарлықтай баяулағанын атап өткен жөн.

Сонымен қатар, бағаның жылдық өсу қарқыны баяулағанына қарамастан, тауарлардың жекелеген санатына айлық тұрғыда бағаның айтарлықтай өскені байқалады. Атап айтқанда, күріш (3,4% а/а, 43,8% ж/ж) 2022 жылы өнімділік төмендегесін (14,4% ж/ж) қымбаттады. Бұл құрғақшылық пен егіс алқаптарының азаюына байланысты болды. Сол сияқты, наурыз айында елдің оңтүстігінде болған аяз салдарынан егіннің ысырап болуына байланысты ұсыныстың шок алуы салдарынан көкөністің кейбір түрлері едәуір қымбаттады: қызанақ (12,7% а/а, 13,2% ж/ж), болгар бұрышы (4,9% а/а, 17,8% ж/ж) және қырыққабат (4,5% а/а, 51,1% ж/ж төмендеуі).

Сонымен қатар, СЖРА ҰСБ мәліметтері бойынша, 2023 жылдың қаңтарында қызанақ экспорты 15,2%-ға (ж/ж) өскен кезде импорты заттай түрде 47,2%-ға (ж/ж) қысқарды. Қаңтар айында тәтті бұрыштың импорты 67,6%-ға (ж/ж), қырыққабат 56%-ға (ж/ж) төмендегені байқалды. Әкетуге тыйым салынғандықтан, 2023 жылғы наурызда пияз бағасы 0,7%-ға (а/а) төмендеп, жылдық өсім 2023 жылғы ақпандағы 105%-дан наурызда 55,1%-ға дейін баяулады.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мал мен құсты көптеп союына байланысты (2023 жылғы қаңтар-ақпанда өсім 4,6%-ға, ж/ж) 2023 жылғы наурызда (ақпан – 16,8%) ет пен ет өнімдеріне тұтыну бағасының өсімі 14,7%-ға (ж/ж) дейін баяулады. Сондай-ақ, қант ұсынысының өсу динамикасы сақталғанын (2023 жылғы қаңтарда өндірістің 2,3 есе, ж/ж өсуі) атап өткен жөн. Осылайша жетінші ай қатарынан қанттың тұтыну бағасы айлық мәнде 2,1%-ға (14% - ға, г/г-ға өсу) төмендеуін жалғастырды.

3-график. Тауарлардың жылдық азық-түлік инфляциясына қосқан үлесі



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері


2023 жылғы наурызда ФАО астық бағасының индексі 5,6%-ға төмендеді. Оған әлемдік бидай бағасының 20 айлық минимумға дейін төмендеуі әсер етті. Жылдық мәнде бұл құлдырау 18,6% болды (4-график). Осы құбылыстың өзі теңгенің айырбас бағамын нығайтып қана қоймай, теңгемен көрсетілген астық бағалары индексі де айтарлықтай түсірді. Бұл ретте нан-тоқаш өнімдері мен жармалардың ішкі бағасы өсе түсті.

Теңгемен көрсетілген ет бағасының индексі 2023 жылғы наурызда сиыр етінің әлемдік бағасының өсуіне байланысты біршама көтерілді.

Қанттың ішкі және сыртқы бағалары арасындағы алшақтықты азайту жалғасуда. Үндістандағы өндіріске қатысты болжамдардың төмендеуіне байланысты әлемдік нарықтарда қант бағасының айтарлықтай өсуі теңге бағамының нығаюымен реттелді. Сонымен қатар, ішкі қант бағасының өсу қарқыны ел ішіндегі өндірістің өсу жағдайында баяулады.


2023 жылдың наурызында ішкі бағаның біршама баяулауына қарамастан, өсімдік майларының әлемдік және ішкі бағасының өсу айырмашылығы артып келеді.

4-график. Жекелеген азық-түлік тауарларына әлемдік және ішкі бағалардың серпіні²



² Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамын ескере отырып, 2019 жылғы желтоқсаннан (2019 жылғы желтоқсан = 100) тиісті индекстердің өзгеруі.

Әлемдік және ішкі қант бағалары, теңге, 2019 жел.=100



Өсімдік майларының әлемдік және ішкі бағалары, теңге, 2019 жел.=100




Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептері

Азық-түлік емес тауарлар 2023 жылғы наурызда 0,8%-ға қымбаттап, бағаның жылдық өсімі 18,1%-ға дейін баяулады (2023 жылғы ақпанда – 0,8 а/а, 20,5% ж/ж) (5-график). Теңге бағамының нығаюы, сондай-ақ импорттық азық-түлік емес тауарларға баға өсімінің баяулауы (8,8% ж/ж) (10-график) аясында аудиовизуалды жабдықтарға (теледидар, ноутбук, планшет, құлаққап және т. б.) баға 2023 жылғы ақпандағы 3,8%-дан 1%-ға дейін, тұрмыстық құралдарға 21,7%-дан 6,4%-ға және жиһаз 28,9%-дан 25,9%-ға дейін баяулағаны сезілді.

Жеке пайдаланылатын тауарлар мен жуғыш және тазалағыш заттар бағасының өсуі 2022 жылғы желтоқсан деңгейіне дейін баяулады. Алайда, жоғары импорттық бағалар жағдайында осы санаттағы тауарлар бағасы айлық тұрғыда айтарлықтай өсу көрсеткіштерін көрсетуді жалғастырып келеді (сабын мен басқа да жуғыш заттардың импорттық бағасының жылдық өсімі 33%, ж/ж құрады). Жүрілген жеңіл автомобильдердің бағасы 1,1%-ға (ж/ж) төмендесе, жаңа автомобильдер бағасының өсімі 9,2%-ға дейін баяулады (ақпан-15,7%, ж/ж).

5-график. Тауарлардың азық-түлік емес жылдық инфляцияға қосқан үлесі




Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

Халық тұтынатын ақылы қызметтердің бағасы 2023 жылғы наурызда 0,8%-ға өсіп, жылдық мәнде баға өсімі 14,4%-ға дейін баяулады (6-график). Ақылы қызметтер бөлінісінде теміржолдағы жол жүру құны (31,2%), аурухана қызметтері (21,4%) күрт өсті. Сонымен қатар, ақпан айында айтарлықтай қымбаттағаннан кейін әуе жолаушылар көлігінің бағасы наурыз айында айлық мәнде 15,3%-ға (16,6% ж/ж) төмендеді.

2023 жылғы наурызда қоғамдық тамақтандыру (20,4%), қонақ үйге қызмет көрсету (14%), кешенді демалыс (19,2%), ойын-сауық және мәдениет (14,5%) және жалдау (30,8%) қызметтері бағасының жылдық өсу қарқыны баяулады. Екінші ай қатарынан сақтандыру қызметінің бағасы төмендеді (2,5% а/а, 5,7% ж/ж).


Реттелетін коммуналдық қызметтер бөлінісінде электр қуатына (0,7% а/а, 8,6% ж/ж), жылуға (0,6% а/а, 9,9% ж/ж) және ыстық суға (0,4% а/а, 7,7% ж/ж) бағалар өсе түсті (7-график). Реттелмейтін коммуналдық қызметтердің бағасы айтарлықтай өзгерген жоқ.

6-график. Ақылы қызметтердің жылдық инфляциясына қосқан қызметтердің үлесі



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

7-график. Коммуналдық қызметтерді тұтыну бағаларының индексі, ж/ж




Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ

- Өндіріс құралдары мен аралық тауарлар бағасының төмен өсуіне байланысты өңдеу өнеркәсібіндегі баға өсімінің баяулауы
- Әлемдік бағалар өсімінің айтарлықтай баяулауы және ішкі қорлардың көп мөлшері болуы аясында бидайдың арзандауына байланысты ауыл шаруашылығындағы баға өсімінің бәсеңдеуі


Өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілер инфляциясы 2023 жылғы наурызда өндіріс тауарлары мен аралық тауарлар бағасының өндіруші бағалары (8-график) бойынша да, көтерме бағалар (11-график) бойынша да өсу қарқынының бәсеңдеуіне байланысты баяулауды жалғастырды және 4,9%-ды (2023 жылғы ақпанда – 9,4%) құрады. Азық-түлік өндірушілерінің, оның ішінде ұн-жарма өнімдерінің, өсімдік және жануарлар майы мен май бағасының айтарлықтай баяулағаны байқалады. Бұдан басқа, өңдеу өнеркәсібінде металлургия өнімдері бағасының жылдық төмендеуі, автомобиль өндірушілерінің, химия өнеркәсібі өнімдері мен қағаз өнімдері бағасының өсімі баяулағаны байқалады.

Ауыл шаруашылығындағы өндірушілер бағасының өсуі 2023 жылғы наурызда ж/ж 4,9% дейін баяулады (2023 жылғы ақпанда – 7,3%). Өсімдік шаруашылығында күздегі мол өнімге, әлемдік және ішкі бидай бағасының төмендеуіне байланысты баға өсімі баяулап келеді. Сондай-ақ, жаңа піскен көкөніс бағасының өсімі баяулағанын атап өткен жөн. Мал шаруашылығында тірі мал мен құс бағасының өсуі, сондай-ақ шикі сиыр сүті мен жұмыртқаның өсуі баяулады (9-график).


8-график. Өнеркәсіптегі бағалар



9-график. Ауыл шаруашылығындағы бағалар



10-график. Импорттық түсімдердің бағасы



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ

11-график. Көтерме бағалар

